«Шымкент қаласының
білім басқармасы»
коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

Коммунальные
государственное учреждение
«Управление образования
города Шымкент»

БҰЙРЫҚ

29.10.2026ж
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 814 н/қ
город Шымкент

Білім беру ұйымдарының педагогтеріне және орталық әдіскерлеріне біліктілік санаттарын беру *(растау)* туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына *(жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 25 ақпандағы №32 бұйрығы),* Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 191 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік ұйымдар педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларының 6-тармағының 1) тармақшасына және Шымкент қаласы білім басқармасының аттестаттау комиссиясының шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. 2025–2026 оқу жылында аттестаттау комиссиясына «Педагог-зерттеуші» біліктілік санатын алу *(растау)* үшін өтініш берген педагогтердің аттестаттау нәтижелері негізінде Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты білім беру ұйымдарының педагогтеріне және орталық әдіскерлеріне біліктілік санатын беру (растау) тізімдері осы бұйрықтың 1, 2 , 3, 4, 5 – қосымшаларына сәйкес бекітілсін.
2. Білім беру ұйымдарының басшылары осы бұйрықтан туындайтын барлық шараларды заңнамада белгіленген тәртіппен ұйымдастырсын, білім беру ұйымдарының педагогтеріне және әдістемелік орталық әдіскерлеріне берілген *(расталған)* біліктілік санаттары үшін қосымша төлемді 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырсын.
3. Біліктілік санаттары туралы куәліктерді беруді білім беру ұйымдары жүзеге асырсын және берілген куәліктерді біліктілік санаттарын беру туралы куәліктерді тіркеу және беру журналына тіркесін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қамтамасыз ету басқарманың ұйымдастыру және бақылау бөлімінің басшысы Е. Муқаевқа жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау мен бақылауды басқарма басшысының орынбасары К. Уалиханова жүзеге асырсын.

Негіздеме: Шымкент қаласы білім басқармасының аттестаттау комиссиясының 2026 жылғы 27 қазандағы № 44 хаттамасы.

001712 **Басшы** **К. Искаков**